

Тажгарина Б.К.

Ішкі істер органдарының тіркеу мен есеп қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері

Бұл мақалада – криминалистикалық тіркеу деп ғылыми ережелер және олардың негізінде қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеу процесін дер уақытында қажетті ақпараттық талдаумен қамтамасыз етуді жүзеге асыруға бағытталған құқық қорғау органдарының заңмен реттелген тәжірибелік қызметін түсінуді ұсынады. Бұл қызметтің қорытындысы криминалистикалық маңызды ақпараттарды анықтау болып табылатындықтан ол қылмыстарды ашу мен тергеуде қолданылатын криминалистикалық тіркеу объектілері туралы мәліметтер жиынтығы деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: криминалистикалық тіркеу, ұйымдастырушылық, дактилоскопиялық, картотекалар, идентификациялық.

Tazhgarina B.K.

Features of legal regulation reporting and registration of the interior

This article discusses the prevention of crime on the basis of scientific principles, providing timely analysis of the necessary information during the investigation, as well as the practice areas of law enforcement bodies regulated by law. Definitions of criminal information on the detection and investigation of crimes are subject to forensic registrations.

Key words: forensic registration, organizational, fingerprinting, filing, identification.

Тажгарина Б.К.

Особенности правового регулирования отчетов и регистраций органов внутренних дел

В данной статье рассматривается процесс предотвращения преступлений на основе научных положений, обеспечивающих своевременный анализ необходимой информации в процессе расследования, а также направленность практической деятельности правоохранительных органов, регулируемых законом. Определения криминальной информации о раскрытии и расследовании преступлений являются объектами криминалистической регистраций.

Ключевые слова: криминалистическая регистрация, организационный и дактилоскопическая картотеки, идентификация.

**ІШКІ ІСТЕР
ОРГАНДАРЫНЫҢ
ТІРКЕУ МЕН
ЕСЕП ҚЫЗМЕТІН
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Криминалистикалық тіркеу белгілі құқықтық тәртібі бар, заңмен қарастыруға мүмкіндік беретін және қылмыстылықпен күресте қолданылатын бірден-бір құрал ретінде қарастырылады. Бірақ та оның құқықтық негізінің өңделуі аяқталған деп есептеуге болмайды. Өйткені, ол мазмұны бойынша әртүрлі, кейбір жағдайларда құқық қорғау органдарының тіркеу қызметімен эпизодты түрде тоғысатын азаматтардың арызы мен осы мәселені зерттеумен айналысатын ғалымдардың қарама-қайшы пікірлері куәландырады.

Бірқатар ғалымдар тіркеу қызметін заңмен қарастырылмағандығын айтады. Алайда, А.П. Аленин тіркеу қызметінің ұйымдастырушылық және қызмет ету негіздері қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдардан, сондай-ақ қылмыстылықпен күресті жүзеге асырушы органдардың міндеттері көрсетілген басқа да нормативтік актілерден туындайды – деп көрсетті [1].

Криминалистикалық тіркеудің құқықтық реттелуін талдап, оны жетілдіру қажет деген ойдамын. Ол үшін Қазақстан Республикасының Конституциясы нормаларын тәжірибеде қолдану арқылы құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін қисынды ойластыруға әрекеттену қажет. Өзекті мәселенің өзіне сипаттама беру және оны зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау Конституцияның екінші «Адам және адамзат» бөлімінен ағымдауы керек [2]. Құқық қорғау органдарының тіркеу қызметін реттеуші нормативтік актілері осы аталған бөлім баптарының ережелеріне негізделуі керек. Бұл өзекті мәселені оқу Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің нормаларына талдау жүргізбейінше мүмкін емес, өйткені, криминалистикалық тіркеудің құқықтық негіздері – Қылмыстық-процестік кодексі болып табылады. Бір жағынан қылмыстық істерді қозғауға және тергеуге арналған барлық баптар қызметтің бұл түрінің құқықтық реттеушісі ретінде енгізілсе, басқа жағынан бірде-бір бап криминалистикалық тіркеуді жүзеге асырумен байланысты ішкі істер органдарына нақты өкілет беретіндігін көрсетпейтіндігін естен шығармау қажет.

Криминалистикалық тіркеу қылмыстық оқиғаға қатысқан азаматтар жайлы ақпараттар жинаумен және оны әртүрлі құқық

қорғау органдары бөлімшелерінің қызметкерлеріне ұсынумен байланысты. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде осы көрсетілген баптар тіркеу қызметін жүзеге асыра отырып, азаматтарға қатысты жинақталған ақпараттармен азаматтардың танысуына мүмкіндік беру, шектеу орнату жолдарымен азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге ықпал тигізеді.

21 желтоқсан 1995 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы тіркеу қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нормативтік құжат болып табылады [3].

15 қыркүйек 1994 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі» туралы Заңның 8-бабының 2 тармағы бойынша осы қызметтің түрін жүзеге асырушы органдарға, олардың алдына қойылған міндеттерді шешу мақсатында жедел есептер мен ақпараттық жүйелерін құруға, оны пайдалану құқығы қарастырылған [4].

П.Т. Скорченко атап көрсеткендей, қазіргі таңда барлық криминалистикалық тіркеулер Ішкі істер органдарымен жүргізіледі [5]. Біздің елімізде де криминалистикалық тіркеудің басым көпшілігі Ішкі істер органдарымен жүзеге асырылатындықтан криминалистикалық тіркеуді құру және қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бекіткен бұйрықтарымен реттелініп отырады. Алайда, есептер ведомства аралық сипатты иемденеді және қылмыстарды тергеу барысында тек қана Ішкі Істер органдарының қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері пайдалана алады.

Криминалистикалық есептер жедел-анықтамалық есептен арнайы зерттеу арқылы немесе сараптама жолымен анықталған, тіркеуге жататын объектілердің ақпараттық белгілерімен ерекшеленеді. Анықтамалық көмекші есепке қылмыс оқиғасына себептік-тергеулік байланыстары жоқ объектілер жатқызылады. Тіркеудің бұл түрінің тіркеулік белгілері көру немесе арнайы зерттеулердің көмегі арқылы анықталады.

Анықтамалық картотекалар мен топтамаларда бұлардан басқа шет елдерде шығарылған пломбалардың, жануар қылшықтарының, жанаржағар майлардың, суық қарудың, жарылғыш заттардың, құжаттар жасауға пайдаланылатын материалдардың; мөрлер мен мөртабандардың бедерінің және т.б. ақпараттардың болуы мүмкін.

Аталған құжаттар Ішкі істер органдарының тіркеу қызметі туралы бұйрықтармен толығымен реттелінген. Олар жедел-криминалистикалық

Департаменттер және криминалды ақпарат орталықтармен жүзеге асырылып отыратын белгілі есеп түрлерін жинақтау мен жұмыс жасау тәртібін, есеп құжаттарының нысандарын, сонымен қатар басқа да тіркеу қызметінің маңызды жағын қамтиды.

Криминалистикалық есеп саласындағы Ішкі істер органдарының қызметін реттеп, жүзеге асыратын нормативтік актілерге шолу жасау соңғылардың қолданылуы негізінен тіркелетін объектілер мен олар туралы мәліметтерді жинау, толықтыру және сақтау тәртібі негізінен заң асты нормативтік актілер арқылы белгіленеді деген қорытынды жасауға болады.

Өкінішке орай, қазіргі кезде қолданыстағы Заң актілері, атап айтсақ Қазақстан Республикасының 22 желтоқсан 2003 жылғы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңы Ішкі істер органдарымен және басқа да құқық қорғау органдарымен жүргізілетін есептерді толықтай қамтымайды. Осы Заңның 12-бабында арнайы есептердің тізімі ұсынылған:

- 1) қылмыстық жауаптылыққа тартылатын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар;
- 2) ұстап алынғандар, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық есебі;
- 3) анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген адамдар;
- 4) хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдар;
- 5) жеке басы анықталмаған мәйіттер;
- 6) әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар;
- 7) сотпен әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдар;
- 8) белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырылған адамдар;
- 9) сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдар;
- 10) шаруашылық субъектілерінің қызметінің барлық тексерулері [6].

Менің пікірімше, заң шығарушымен ведомствалық және арнайы есептердің айырмашылық анықтамасы нақтыланбаған. Қылмыс жасап, қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғалардың дактилоскопиялық есебі, ұсталғандардың, қамауға алынған және сотталған тұлғалардың есебі мен анықтаудан, тергеуден, соттан бой тасалап кеткен тұлғалардың есебі арнайы есептердің түріне жатқызылған. Ал, басқа да қылмыстарды ашу мен тергеуді ақпараттық қамтамасыз етуге арналған криминалистикалық есеп түрлері арнайы есеп

объектілеріне жатқызылмаған. Бірақ криминалистикалық есептердің қолданылуы, жинақталуы және жүргізу қағидалары арнайы есептердің тізіміне енгізілген дактилоскопиялық есептерден ешқандай айырмашылықтары жоқ. Дактилоскопиялық есептің криминалистикалық есептер қатарына жатқызылатынын барлығымыз да білеміз. Ішкі істер және басқа да құқық қорғау органдарында жүргізілетін криминалистикалық есептердің көп бөлігі осы аталған заңның аясынан тыс қалады.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасында құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетте негізгі мынадай есептер жүргізіледі:

1) фамилия бойынша есеп – қылмыс жасап, қылмыстық жауаптылыққа тартылған, сотпен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған, белгілі лауазымды иемдену құқығынан айырылған және белгілі мекен-жайы немесе олардың анкеталық мәліметтері бойынша, яғни туылған жылы, орнын көрсету арқылы фамилиясы, аты-жөнін, жеке басын куәландыратын құжаты жоқ ұсталған тұлғаларды тіркеу жолымен жүзеге асырылады;

2) дактилоскопиялық есеп – ұсталған, қамауға алынған, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалардың қол-саусақ өрнектерінің папиллярлық өрнектерінің құрылым ерекшеліктері бойынша тіркеу, сақтау, дәрежелу және тұлғаның жеке басын анықтау мен бекіту үшін дактилоскопиялық ақпараттарды беру жолымен жүзеге асырылатын есеп;

3) іздестіру есебі – анықтаудан, тергеуден, соттан, жаза өтеу орнындарынан жасырынған тұлғалар және хабар-ошарсыз кеткен, сондай-ақ жеке басы анықталмаған мәйіттердің есебі.

Фамилия бойынша есептер, дактилоскопиялық, іздеулік есептер картотекалар мен компьютерлік банктер мәліметтерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетте ортақтандырылған фамилия бойынша, дактилоскопиялық, іздестіру есептері жүргізіледі. Есеп субъектілері болып, белгіленген заңды тәртіпте тергеу және анықтау, жедел-іздестіру қызметін, жазаны орындау, көші-қон қызметін жүзеге асырушы барлық мемлекеттік органдар және Қазақстан Республикасы соттары табылады [7].

Фамилия бойынша Комитетте есепке мына тұлғалар тіркеледі:

– Қазақстан Республикасы аумағында сотталғандар;

– ТМД мемлекеттерінің бірінде бас бостандығынан айырылуға сотталып, жазасын Қазақстан Республикасы аумағында өтеп жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары;

– қылмыстық ізге түсуші органдардан, соттан бой тасалағандар немесе жазасын өтеуден жалтарып, оларға қатысты іздеу жарияланғандар;

– белгілі мекен-жайы немесе жеке басын куәландыратын құжаты жоқ ұсталғандар;

– қоғамдық-қауіпті әрекеттер жасап, оларға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған есі дұрыс емес тұлғалар.

Криминалистикалық тіркеу саласында құқықтық қатынастардың субъектілері – бір жағынан тіркеу органдары болса, екінші жағынан жеке тұлғалар болып есептеледі. Сонымен қатар субъект ретінде тіркеу органының және кез келген басқа құқық қорғау органдарының қызметкерлері жатқызылуы мүмкін.

Криминалистикалық тіркеу саласындағы құқықтық қатынастардың туындауы және тоқтатылу жағдайлары:

– қылмыстық әрекеттер жасауға дайындық және қылмыс жасау, оны жасырумен байланысты қылмыскердің пиғылы;

– есеп мәліметтерін сақтаумен байланысты оқиғалардың қылмыстық жазаланатын әрекеттерге қатысты мерзімінің ескіруі болып табылады.

Криминалистикалық тіркеу саласында пайда болатын құқықтық қатынастарды бөлу, олардың қандай да бір құқық саласына жатқызылатындығы туралы сұрақты туындатады. Бұл сұраққа жауап беру үшін криминалистикалық тіркеу саласында туындайтын құқықтық қатынастарға жататын қосымша белгілерді бөлу қажет.

Ішкі істер органдарында тіркеу қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын қатынастар, ол «билік – бағыныштылық» түріндегі қатынастар болып табылады. Біріншіден, «билік – бағыныштылық» бүтіндей алғанда құқық қорғау органдарының қызметіне жатқызылатын орындаушылық билік сипатын иеленеді. Екіншіден, «билік – бағыныштылық» үшін тіркеу органының – басқару субъектісі және объектісі – азамат болып табылады. Үшіншіден, тіркеу органының еріктілігі азаматтардың еріктілігімен тең емес, себебі біріншісі заңды билік сипат алады.

Қылмыстарды ашу мен тергеу процесін ақпараттық талдаумен қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын «криминалистикалық

есептер» атауын есептер ұқсастығын белгілейтін түрлі түсінік ретінде қолданатындығын белгілеу қажет деп есептейміз.

Тіркеу негізінде нақты объектілерге жеке-лендіруші немесе оны дара ретінде білдіретін белгілері тән. Сол секілді криминалистикалық есептің әрбір түрінің өзіне ғана тән ескерілетін белгілері бар. Криминалистикалық есептерде арнайы және жалпы тәсілдер арқылы ақпаратты бекіту қолданылады. Объектілерді тіркеу үшін мынадай есептің тәсілдері жүргізіледі:

а) сипаттаушы – есеп объектілері мен мәліметтерін жазбаша бекіту;

б) сызбалық немесе графикалық-криминалистикалық фотография ережелерінің негізінде бейне және аудиотехниканы қолдана отырып объектілердің белгілерін бекіту;

в) дактилоскопиялық – тірі тұлғалар мен мәйіттерді қол саусақтарының іздері бойынша тіркеу;

г) коллекциялық – объектілердің түпнұсқасын жинау және сақтау;

д) аралас – екі және одан да көп тәсілдермен объектілерді тіркеу.

Қазіргі кезде тіркеу мәліметтерін криминалистикалық есептерді жүргізу түріне байланысты қолмен және механикалық немесе автоматтандырылған тәсілмен беру және өңдеу арқылы жүзеге асырылады деп санауымызға болады. Алайда, механикаланған тәсілде перфорациялық карталар қолданылатындығын айта кету керек. Соңғы жылдары электронды есептеуіш машиналарын қолдану арқылы ақпараттарды автоматты түрде өңдеу жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде жекелеген есеп түрін қолмен жүргізу тәсілі сақталғанымен, мәліметтердің көптеген бөлігі машиналық құжаттарға көшірілді. Осы себепті тіркеу мәліметтерін өңдеу мен берудің екі тәсілін, яғни қолмен және автоматтандырылған тәсілдерін қарастырамыз.

Іздеулік есептер криминалистикалық есептерде және жедел-тактикалық бағыттағы ақпараттық жүйелер құрамдалатын тұлғалар және объектілер жайлы іздестіру әрекетін жүргізеді. Іздестіру міндеттері криминалистикалық объектілер үлгілерін танумен, яғни, диагностикамен тығыз байланысты шешіледі.

Жоғарыда қарастырылған есептің барлық түрлерінің бір-бірінен негізгі айырмашылығы олармен ұсынылатын ақпарат сипатымен ерекшеленеді. Қылмыстық іс бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері қалыптасқан тергеулік ахуалдарға байланысты қажетті есеп түрлерін пайдаланады.

Мен П.Т. Скорченконың пікірімен келісемін, себебі ол біздің ұсыныстарымызда айтылған болатын. Бірақ та, оны өзгертіп айтуға тура келеді, біздің пікірімізше есептердің үшінші тобына біріншіден, қылмыскерлерден алынған заттарды жатқызу керек, екіншіден біз танылмаған мәйіттер, хабар-ошарсыз кеткендердің есептерін криминалистикалық есепке жатқыза алмаймыз, дегенменде оларды қылмыстарды ашу мен тергеу барысында қолдану мүмкіндігін жоққа шығаруға да болмайды.

Криминалистикалық есеп объектілері жайлы мәселені қарастыруда, біріншіден объектінің түсінігіне назар аударуымыз қажет.

Жоғарыда қарастырылғандай, криминалистикалық есептер деп – оларды құру мақсаттары қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеу процесін ақпараттық талдаумен қамтамасыз етумен қорытындылануын түсінуі керек. Яғни, есеп объектісін бөлудің белгісі болып оның қылмыс оқиғасымен байланысы табылады. Есеп объектілері болып қылмыстық оқиғаға қатысы барлардың барлығы жатқызылады, мысалы, қылмыскерлер, олардың саусақ іздері, оқиға орнынан алынған саусақ іздері, ұрланған мүліктер және т.б.

Менің пікірімше, объектілерді тасушылар мен ақпараттардың қайнар көздері деп бөлу, криминалистикалық идентификация теориясында толығымен қолданымды және бұлай бөлу толығымен орынды деп есептеймін.

Криминалистикалық ақпаратты алудың қайнар көздері және құралдары сан алуан болуы мүмкін, сондықтан да олардың көптеген түрлері қолданылады. Барлығынан бұрын дәлелдемелік және бағдарлаушы ақпаратты бөліп қарастырған дұрыс. Егерде маңызды заңды шешім қабылдау негізінде дәлелдемелік ақпарат жатса, онда бағдарлаушы ақпарат ол мақсатта қолданылмайды. Бағдарлаушы ақпарат өзінде қылмыстық-процессуалдық қызметтен тыс алынған деректер туралы мәліметтерді ұсынады және алдын ала тексеруді қажет ететін мәліметтер рөлін атқарады. Ол дәлелдемелік ақпарат мәртебесін тек қана тексеруден кейін, процессуалды негізде объективті бекітілген соң ғана иемденеді. Бұл ереже қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде тіркеу мәліметтерін қолдану туралы сұрақтың аясында кеңейтілген ғылыми әдебиеттер пікір таласында көрініс тапты. Бұл жағдайда ақпараттар дәлелдемелік мазмұнды иемденгенде мәліметтер қандай нысанды иемдену керек? – деген ерекше өзекті сұрақ шешімі табылады.

Криминалистикалық есеп объектілеріне тұлғалар, заттар мен оқиғалар жайлы мәліметтер жатқызылады. Бұл объектілер жалпы сипат алғандықтан криминалистикалық есептің объектілерінің шеңберін анықтаудың жалғыз белгісі ретінде есеп объектісінің қылмыс оқиғасымен байланысы саналады. Жоғарыда зерттеліп, қарастырылғандар

негізінде қазіргі таңда криминалистикалық тіркеу саласындағы мәселелер тіркеу массивін шынайы ақпараттармен дер кезінде толықтырумен байланысты екендігі туралы тұжырым жасауға болады. Сондықтан да қылмыстылықпен күресті криминалистикалық есептерді жүзеге асыру тәжірибесімен алмасу тиімді болар еді.

Әдебиеттер

- 1 Криминалистика: учебник / под ред. Р.С. Белкина. – М.: Юрид. Лит., 1986. – 543 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: «Жеті Жарғы», 30.08.1995 ж.
- 3 Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңы 21.12.1995. – Алматы, 2001. – 28 б.
- 4 Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру қызметі туралы» Заңы. 15 қыркүйек 1994 жылғы. – Алматы: «Аян Әдет», 2001. – 28 б.
- 5 Скорченко П.Т. Криминалистика. Техничко-криминалистическое обеспечение расследования преступлений: учебное пособие для вузов. – М.: «Былина», 1999. – 272 с.
- 6 Қазақстан Республикасының 22 желтоқсан 2003 жылғы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңы.
- 7 Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 29 сәуір 2004 жылғы №23 «Арнайы есептердің жекелеген түрлерін жүргізу және қолдану Ережелерін бекіту туралы» бұйрық. – Астана, 2004. – 17 б.

References

- 1 Criminalistics: Artem/ Sub edit. Belkin R.S. – M.: Yurid. Lit. 1986.-543 S.
- 2 Constitutionem Reipublicae Kazakhstan. – Almaty «Zhety Zhargy» datas 30.08.1995 G.
- 3 Reipublicae Kazakhstan «in corpora Interna» Lex 21.12.1995. – Almaty.: 2001. – 28 S.
- 4 Reipublicae Kazakhstan «in operativa-quaero operationes» Lex. – Almaty die 15 septembris 1994, «Ayan De», 2001. – 28 S.
- 5 Skorchenko, P. T. Forensics. Dum technicae et iudiciale scelus quaestionem: artem enim universitatibus. – Moscow: Bylina, 1999. – 272.
- 6 22 December 2003 Reipublicae Kazakhstan «in Statum iuris statistics, specialis monumentis» Lex
- 7 Ordo Accusatore Generalis Reipublicae Kazakhstan datas April 29, 2004 №23 «in approbatione tuendae Praecepta et usum quaedam genera Speciali ratione ordinis». – Astana, 2004. – 17 S.